

элеуметтік өмірдің барлық салаларын басқаратын мемлекеттік басқару органдары, 2) олармен құрылатын бірақ дербес топқа бөлінетін бақылау-қадағалаушы және полицейлі органдар. Екіншіден, атқару билігінің негізгі қызметтерін дұрыс анықтау әкімшілік құқық ғылымында жаңа көзқарастар қалыптастыру мен оның пәні мен жүйесін қайта құруға ықпал етсе керек.

Сонымен, демократиялық мемлекетте атқарушы билік – мемлекеттік биліктің үш тармағының бірі, белгілі дербестікке ие, сонымен қатар заң шығару және сот биліктерімен өзара тығыз және тұрақты байланыста болады. Билікті бөлу жүйесінде атқарушы биліктің орны мен рөлі әрбір мемлекеттің Конституциясымен, басқа да құқықтық актілермен нақты айқындалған. Егер заң шығару билігінің басты міндеті мемлекеттің ішкі және сыртқы саясат саласындағы қарым-қатынастарын реттейтін заңдар қабылдау болса, атқарушы биліктің негізгі міндеті олардың уақытылы және тиімді орындалуы мен қолданылуы болып саналады. Алайда, бүгінгі таңда көптеген мемлекеттердегі оның іс-әрекетінің маңызды бағыты заң шығармашылығы деп те есептеуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Абельдинов А.К. Развитие нормотворчества в Казахстане. Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 125 с.

6 Бельский К.С. О функциях исполнительной власти // Государство и право. – 1997. – №3. – С. 25-29.

7 Сафинов К.Б. Эволюция конституционно-правового статуса правительства независимого Казахстан // Вестник КазГУ. Серия юридическая. – 2001. – №3. – С. 26-30.

4 Попов Л.Л. Государственное управление и исполнительная власть: содержание и соотношение: монография. – М.: Норма, 2011. – 320 с.

5 Гусева Т.А. Новая система и структура органов исполнительной власти : справочное издание. – М.: Волтерс Клувер, 2005. – 447 с.

6 Зиманов С.З. Новая Конституция – это лишь начало конституционной реформы // Казахстанская правда. 1994. 28 январь.

7 Жетписбаев Б. Обеспечение законности и дисциплины в сфере исполнительной власти // Мир закона. – 2000. – №10. – С. 11-16.

8 Система исполнительной власти: справка / Подгот. А. Ковальчук // Отечественные записки. – 2004. – N 2. – С. 10-15.

9 Демидов А.Ю. Эффективность и результативность деятельности органов исполнительной власти // Национальные интересы: приоритеты и безопасность. – 2009. – № 15(48). – С. 23-28.

ШАРИҒАТ ПЕН ҚАЗАҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ (ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТАЛДАУ)

Шакирова А.Б., заң факультетінің докторанты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ

Қазіргі кездегі ғылыми зерттеулерге сүйенсек, шариғат пен қазақ әдет-ғұрып құқығының өара әрекеттестігін қарастырғанда көптеген авторлар осы құбылыстардың табиғатына еңбестен, олардың мәні мен мазмұнын, қайнар көздерін ашпай, олардың арақатынасы туралы ойлауға көшіп, түрлі қателіктерге жол беріледі. Осындай қателіктерге бой алдырмау үшін, ең алдымен теориялық ұстанымдарды бөліп көрсету, осы теориялардың дәлелдеріне ерекше назар аудару аса маңызды болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық рухани болмысы мен философиялық дүниетанымының өзегін ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары құрайды. Әдет – қайталану, жалғасын табу мағынасын берсе, ғұрып – таным, түсінік мағынасын білдіреді. Яғни, әдет сөзі де, ғұрып

сөзі де араб тілінен қазақ тіліне енген діни атаулар. Ал, терминдік анықтамасына келер болсақ, имам Жүржәни, Ғаззали сынды ғалымдар: «Ғұрып – ол, адамдардың ақыл-парасатының құптауымен көңілдерге орныққан, таза табиғат тарапынан құпталған іс» деген [1; 54].

Көшпелі қазақ қоғамы және әдет-ғұрып заңдарының қалыптасуын сөз еткенде, ең бірінші кезекте қазақ қоғамының өткен тарихын сипаттайтын жазба деректер мен ауыз әдебиетіне тоқталу қажет. Қазақ халқының ежелгі замандағы озық, ойлы да білікті азаматтары ұрпақтан - ұрпаққа жалғасқан ата-бабалар шежіресін, өзінің ұлттық генеалогия тарихын жазып қалдырып отырған. Өзінен бастап жеті атасын білдіру әрбір ата-ананың дәстүрлі парызы болған. Мұны таныту ата-ана әліппесінің басталуы деп есептелген. Халық арасында бүкіл қазақтың жетпіс жеті атасын тарататын шежірешілері де болған. Олар тек қана атадан бала туылуын қумай, қазақ халқының басынан өткен ірі тарихи оқиғалардан бастап, әрбір жәйттерді бүге-шігесіне дейін айтып отырған. Осы кездегі қазақ шежіресін тарихтың бір көзі деп атасақ артық болмас еді.

Қазақ халқының әдет-ғұрып құқығы түркі тектес туыстас халықтардың арасынан өзгешеленіп, өзінше сипат алады. Әдет-ғұрып құқығының қағида-ережелері сан ғасырлар бойы өмірдің өз талабымен пайда болып, ұзақ дәуірлер ішінде бірқалыпты саяси экономикалық, әлеуметтік жағдайларға сай қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр, көпшілік сана-сезімінде бекіп орын алған. Осылай өрбіген әдет-ғұрып заң нормаларын біздің ата - бабаларымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып беріп отырған.

Қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасу кезеңі ұзақ даму дәуірлерін басынан кешірді. Туыстас тайпалардың өзара бірте-бірте этникалық тұрғыдан бірігуі нәтижесінде халық болып қалыптасқанын да біз тарихтан жақсы білеміз. Ежелгі ата-бабаларымыз «көк тәңірісіне» табынып, әруақтарға бас иген. Олар үшін құрбандықтар шалып, өлгендерін киімімен, қару-жарағымен, ас-тағамымен жерлеген. Оны қазіргі кезде жүргізіліп жатқан, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінен көруге болады.

Әрбір бірлестікті өздері сайлаған хандары басқарған. Хандық билік мұрагерлік жолымен атадан балаға ауысып отырған. Ханның қасында уәзірлері, билері болып, олар қоғамның көкейтесті мәселелерін талқыға салып отырған. Хан мен халықты басқарушылар үшін алым-салықтар алынған. Хан өз қоластындағы тайпалардың көш-қонын реттеп, даулы мәселелерін билерімен бірге отырып шешкен. Хан ордасы жанында әрдайым қолөнершілер, саудагерлер бірге көшіп-қонып, сауда-саттықты жандандырған. Қазақ даласы «Жібек жолы» аталған керуен жолының қақ ортасында орналасқан.

Сол дәуірдегі ата-бабаларымыз туралы деректерде: бұлар мал бағып, көшпелі тұрмыспен күнелткен. Еркектері күмістелген ертоқым салып, салт ат мінген. Әйелдері алтын, күмістелген алқа, шашбау, білезік, сақина таққан. Жүннен киімдер тоқып, киіз басумен айналысқан дейді.

Сол секілді араб жазбаларында (Ибн, Әбу Параз, Ал- Мұхаддаси, Ал-Идриси, Ал-Муарази, Әбу Дулаф, т.б.) ата-бабаларымыздың әдет-ғұрып заңдары, тұрмыс тіршілігі жайлы айтылады. Бұл әдет-ғұрып заң нормаларын олар «төрелік», «жарлық», «ата-баба жолы», т.б. деп атаған. Сондай ірі заңдардың бірі «Оғыз ханның заңдары» немесе «Түркістан ақсақалдарының шешімі» делінеді. Бұл заң-шешімнің негізгі мәні: тұрмыс жағдайына лайықты көшіп-қону, бір-біріне көмек көрсету, көсемін сайлау, мұрагерлік заңы, туыстастарына үйленбеу, тәртіпсіздікті болдырмау, ұрлық-қарлықты тыю, т.б. Атам заманнан бері қарай әрбір рудың өздеріне тиісті таңбалары мен ұрандары болды. Таңбаны ірі қара малға темірді қыздырып, дақ түсіру арқылы басқан. Ең уақ малдарға салынған. Аталған заңдарда «қанға - қан, жанға - жан» дәстүрі қатаң сақталған.

VIII-XIII ғасырларда бұл тайпаларға ортақ, әдет-ғұрып заңдары жетіле түсті. Бұл нормаларды «жөн», «жөн- жосық» қағидалары деп атаған. Өзіндік сипаты бар бұл кодекстер: жаугершілік жөні, құдалық жөні, елшілік жөні, өлім-жітімді жөнелту жөні, отбасылық қағидалар жөні, т.б. бөлініп өз кезегінде «жөн-жосықтарға», ал олардың қолданылуы мен жүзеге асуы «реттерге» бөлінген. Рет бұзылса, жосық жойылып, жөн

жүйесіне нұқсан келеді. Ел аузындағы «бұл жөн», «бұл жөнсіз», «мынау ретті», «мынау ретсіз», «жөн білетін», «мәселенің жөні», «жөн- жосықсыз тиісу» т.б. тіркес сөздер содан қалған. Міне, осындай тарихи деректер мен түрлі нормаларға толы әдет-ғұрып заңдары сол кездегі қоғамдық қатынастарды реттеп қана қоймай, қоғамдағы өзге де институттардың әсерінен әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Осындай әсер етуші факторлардың бірі ретінде шариғат нормаларын қарастыруға болады.

Шариғат-мұсылмандардың сенімдерін анықтайтын, діни ар-ожданы мен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын, сондай-ақ олардың мінез-құлқын реттейтін нормалардың қайнар көзі болып табылатын Құран мен Сүннетте бекітілген нұсқамалар кешені.

Мұсылман-заң ғылымы шариғатқа қайшы келмейтін жағдайда әдет-ғұрыпқа жүгінуге мүмкіндік беретіні белгілі. Ислам әлемінде әр түрлі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар әрқашан қатар өмір сүрді, олардың көпшілігі шариғат нормаларына сәйкес келмеді және көбінесе оларға қайшы келді. Көбінесе олар Орта ғасырларда қабылданған мемлекеттік заңнаманың негізін құрады. Әдет-ғұрыпқа (урфу) шариғат соттарымен қатар жұмыс істейтін зайырлы соттар кеңесі жүгінді. Сонымен қатар, іс жүзінде көптеген жағдайларда шариғат нормалары жергілікті әдет-ғұрыптар жүйесінің ажырамас бөлігі болған кезде ғана қолданылды. Нәтижесінде шариғаттың жергілікті әдет-ғұрыптары мен нормаларының симбиозы болып табылатын әлеуметтік нормативтік реттеудің бірыңғай жүйесі қалыптасты. Ол көбінесе адат немесе адат заңы деп аталады [2; 24]. Шариғат бойынша дінге, отбасылық қатынастарға, өсиеттерге, мұраға және кейбір азаматтық істерге қатысты барлық істер шешіле бастады. Меншік құқығын, қоғамдық ережелерді және т.б. құқықбұзушылықтар бойынша қылмыстық істер бұрынғы әдет-ғұрыптар (адаттар) бойынша шешіле берді, оларға кейбір қылмыстар мен дін ережелеріне қарсы әрекеттерді анықтайтын әдет-ғұрыптар (адаттар) қосылды.

Шариғат-мұсылман құқығының негізін құрайтын діни және құқықтық нормалардың кешені (араб. әл-фиқһ). Бұл мұсылман және мұсылман емес мемлекеттерде әртүрлі қоғамдық жүйелер мен саяси режимдерде жұмыс істей алатын өте икемді құқық қорғау жүйесі. Сонымен, шариғаттың кейбір нормалары (мысалы, кеме апатқа ұшыраған жағдайда шығындарды өтеу тәртібі) халықаралық құқықпен игерілген [3].

Қазақ әдет-ғұрып құқығына шариғаттың әсер ету тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. Жалпы ғылыми әдебиеттерде мұсылмандықтың қазақ тайпалары арасында таралуын үш кезеңге бөледі:

1. бірінші кезең – IX-X ғасырлар, исламның ене бастау кезеңі;
2. екінші кезең— XI— XII ғасырлар, исламның таралу кезеңі;
3. үшінші кезең - XII— XIV ғасырлар, исламның орнығу кезеңі. Әлбетте, бұл жалпылама, шартты түрде бөлу болып табылады.

Бізге келіп жеткен деректер бойынша мұсылмандық ислам діні IX ғасырдан бастап Қазақстанға, оның ішінде оңтүстік өңірге ене бастағаны айқындалса, сонымен қатар қазақтар XVII— XVIII ғасырларға дейін мұсылмандықты түгелдей мойындамаған. XI - XII ғасырлар аралығында феодалдық қарым-қатынастың орнығуы нәтижесінде мәдениет қанат жая бастады. Түркі тайпаларынан этногенездер бөлініп, жеке халықтық сипаттарға ие бола бастады. Ислам, күшіне еніп, оның догмалары поэзия тілінде сөйлей түсті. Исламды насихаттаушы сопылық ағым аренаға шықты. XII— XIV ғасырларда көшпелі түрік тайпаларының халық болып қалыптасуымен әрі исламның бұл халықтардың тұрмыс-тіршілігінде белгілі орын ала бастағанымен ерекшеленеді.

Осылайша, XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында әдет - ғұрып құқығы нормалары мен шариғат нормаларын, сондай-ақ Ресей заңнамасының кейбір ережелерін қамтитын аралас құқықтық жүйенің пайда болуы байқалады. Параллельді даму процесінде әдет - ғұрып құқығы мен шариғат нормалары бірін-бірі толықтырды, нәтижесінде бірге өмір сүрудің ең қолайлы нұсқасы табылды. Шариғат бойынша дін мен отбасылық қатынастарға қатысты істер шешіле бастады, қалған барлық мәселелер әдет -

ғұрып құқығы нормаларына сәйкес реттелді. Алайда, Ресей билігінің жергілікті халықтың құқығын инкорпорациялау мақсатында бұл Ресей заңнамасына кірмеген. Сондықтан ресми билік реформаларды жүргізу кезінде қазақтарға әдет - ғұрып құқығын (адат) қалдырды, сонымен бірге шариғаттың ықпалынан қорқып, оны біртіндеп қазақтардың құқықтық тәжірибесінен ығыстыра бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уәһбатүз Зұхайли. Ұсулүл фыкһ әл-ислами. – Қаһира: «Фикр» баспасы, 2005. 2-том, 104 б.
2. Сюкияйнен Л.Р. Шариат и обычаи: проблемы взаимодействия. М., 1986. – 145с.
3. Бобровников В.О. Шариатские суды на Северном Кавказе // Отечественные записки. 2003. № 5 (14). – С. 30-38.

Buketov University